

Автономия
как стимул
роста

Обучение
и воспитание
неразделимы

«Рухани
жаңғыру»
на подъеме

«Современное
образование» –
форумам 10 лет



СОВРЕМЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

1 (109) 2018

ВИЗИТНОВАЯ КАРТА ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ



ТЕМА НОМЕРА

Цифровой Казахстан

РЕФОРМА

**Трехъязычие
без гонки отчетов**

ВЫСШЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ

**90 лет КазНПУ:
имя Абая ведет**

РЕЙТИНГ РЕГИОНОВ

**Западно-
Казахстанская
область**

ИЗБРАННЫЕ ИМЕНА

**Образование
стало судьбой**

ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНІҢ ТҰҢҒЫШ

Советтік құрылысқа құлшына кірісіп кеткен Советтік Қазақстан үкіметі алғашқы қадамынан-ақ қоғамдық өмірдің түрлі салаларының білікті кадрларға аса мұқтаж екендігін, бұдан былайғы уақытта ілгері қадам басудың осы мәселенің жағымды шешілуіне тікелей тәуелді екендігін жақсы түсінді.

1917 жылғы революциялық аласапыран, оның артын ала келген азамат соғысы, оның қазақ жеріне де жетуі білім ошақтарын ұйымдастыру ісіне де жағымсыз әсер жасағандығы түсінікті. Соған қарамастан советтік билік тарапынан жаңа сападағы білім жүйесін қалыптастыру ісі қолға алынғандығын айтқан жөн.

Ез ретінде бұл жұмысты жолға қою ең алдымен мұғалім мамандарын даярлау арқылы ғана іске асатын еді. Қазақ жерінде де жүріп жатқан қоғамдағы азаматтық қарсыласу жағдайында, сол уақытқа дейін әкімшілік тұрғыдан оңтүстік қазақ жерлерінде және соғыс қимылдарынан біршама алыс Ташкент қаласында оқу-ағарту ошақтарының бой көтеруі толық табиғи нәрсе еді.

1918 жылы 20 қарашада Ташкенттегі орыс педагогикалық училищесі жанынан қазақ мектептері үшін мұғалімдер даярлайтын алты айлық курстар ұйымдастырылып, оған Қазақстан мен Өзбекстанның түрлі орталықтарында



қызметте жүрген педагог кадрлар шақырылады. 1919 жылы осы курстарды 145 адам аяқтап шығады. Міне, осы курстар сол жылы жеке училище ретінде бөлініп, ал келесі 1920 жылы Қазақ оқу-ағарту комиссариатының шешімімен Қазақ Ағарту Институты болып құрылады [1,16-18.].

Институттың 1920-1921 оқу жылына байланысты даярлаған есебінде оқу орны I-ші сатылы мектептерге мұғалімдер даярлау ісіне басымдық беріп отырғандығы, тек қазақ тілінде оқулықтардың жоқ болуына, сондай-ақ педагог кадрлардың тапшылығына байланысты II-ші сатылы мектеп бағдарламасын ұстануға мәжбүр болып отырғандағы жөнінде айтылады.

Яғни, бұл келтірілген фактілерден педагогикалық курстар мен училище сияқты, Қазақ ағарту институты да толыққанды жоғары

кәсіби білімді педагогтар даярлау ісіне көше қоймағандығын бағалағанына қарамастан, әрине, қиынға түспейді. Ондай мақсатқа көшуге қажет алғы шарттар түзіле қойған жоқ-тын. Соған байланысты «Қазақ-ағарту институты туралы» Ережеде оның статусы «педагогикалық орта оқу орны» дәрежесінде бекітілді. Негізгі курсының мерзімі алдымен кейінірек төрт жыл болып белгіленген [2, 37.].

Қазақ ағарту институты елімізде кәсіби мұғалім кадрларын даярлау ісін жасалған маңызды қадам болды. Оқу орнындағы оқушы саны 1923-1924 оқу жылында 259 адамға жетті. Демек, Қазақ автономиялы республикасының мұғалім кадрларға сұранысын Қазақ ағарту институты қанағаттандыра алған. Соған байланысты Қазақ

үкіметі 1925 жылы РСФСР Халық ағарту комиссариатына Қазақстанда жоғары оқу орнын ашу туралы ұсыныс жасап, оның келісімін алған соң, Қазақ ССР Халық Комиссарлар Кеңесі 1926 жылдың 15 тамызынан бастап Ташкент қаласында «Қазақ жоғары педагогикалық институты» деген атпен қазақ жоғары оқу орнын ашу туралы шешім қабылдайды.

Ташкент қаласында ұйымдастырылған алғашқы жоғары оқу орнының ашылу салтанаты 1926 жылы 29 қазанда өтеді. Осы шараға байланысты сол кездегі республика астанасы Қызылордадан арнайы барған Оқу-ағарту комиссары, яғни бүгінгі тілмен айтқанда білім министрі Смағұл Сәдуақасұлы өз сөзінде: «Эрине, бізге әртүрлі мамандық иелері қажет. Бізге агрономдарға да, дәрігерлерге де, инженерлерге де және басқа қызметкерлерге мұқтажбыз. Дегенмен, қазіргі уақытта қазақ еңбекшілері бірінші кезекте педагогтарға мұқтаж», – деген тұжырымы арқылы ашылып отырған оқу орнының басқа емес, неге педагогикалық бағыт алғандығына нанымды түсінік берген еді.

Ал осы алғашқы жоғары оқу орны неге ұлттық сипат алуға тиіс болды? Осы сауалға жауап берген жөн. Ол институтты ұйымдастырудағы басты міндеттен, яғни жоғары оқу ошағы арқылы қазақ халқын өз ана тілінде әлемдік мәдени кеңістікке шығару әрекетінен туындап жатты.

Институт ректоры Т. Жүргенов жылдық есебінде «жыл өтсе де ұлттық жоғары оқу орнын құру ісі аяқталған жоқ» деген ойды білдіріп, бұл ойын негіздеуді ұмытпаған еді. Ректордың пікірінше, жоғары оқу орны қашан және қандай жағдайда өз міндетін атқара алды? Ондай мүмкіндікке жоғары оқу орны институт қабырғасында жүргізілетін пәндер түгелдей жергілікті қазақ халқының тіліне көшірілгенде, яғни білім жолына түскен қазақ баласы бастауыш және орта мектепті ғана емес,



Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орны – Қазақ мемлекеттік университетінің алғашқы ғимараты. 1928 жыл

сондай-ақ жоғары білімді де өз ана тілінде алып (біртұтас жүйе ретінде), табиғат және қоғамдық қатынастар сырын ашып, түсінуге көмектесетін әлемдік ғылымды өз ана тілінде игеру мүмкін екендігіне толық көзі жеткенде ғана ұлттық жоғары оқу орны қалыптасты деп айтуға болатындығына баса назар аударды. Ал әзірге, мақсатқа бет бұрып, сол жолға енді ғана шықтық деген тұжырымға келеді. Басқаша айтқанда, бұл тарихи кезеңнің ерекшелігі енді ғана қалыптаса бастаған мектеп жұмысын жергіліктендіру, яғни оған ұлттық түр ғана емес, ең негізгі нәрсе, оған ұлттық мазмұн да беру еді. Бұл өзін Ахмет Байтұрсынұлының шәкірті санаған Темірбек Қараұлы Жүргеновтың жасаған тұжырымы еді.

Алғашқы қазақ жоғары оқу орнын ұйымдастырушылардың түсінігінде ол жоғары білімді педагог кадрлар даярлайтын оқу орны болумен қатар қоғамда ғылыми ізденістерді өрістететін ғылыми орталыққа айналуға тиіс еді. Яғни, олар ғылыми ізденістер мен жобалар оқу процесімен қатар жүргенде ғана нәтижелі болмақ деп түсінді. Мақсат еуропалық ғылым мен білімнің жетістіктерін қазақтың қалың бұқарасына жеткізу еді. Осы тұрғыдан келгенде қазақ жоғары оқу орнының бірден-бір міндеті қарқынды түрде ғылыми терминологиямен жұмыс жасай алатын, жоғары және орта оқу орындары үшін қазақ тілінде оқулықтар мен оқу құралдарын

даярлауға ықыласты педагог кадрлар қалыптастыру болды.

Алғашқы ұлттық жоғары оқу орнына жүктелген осы міндетке байланысты оның негізін қалаушылардың бірі Х. Досмұхамедұлы мынадай ойды білдірді: «Қазақ тілінде бұған дейін Ахметтің (А.Байтұрсынұлы – авт.) «Тіл құралынан» басқа ешбір ғылым жайында жазылған кітап болмады. Алдымызда үлгі болмаған соң, ғылым кітабын жазу өте қиын болды. Ғылым атауларына лайықты ат қою алғашқы уақытта тым мұқтаж, бүтін ілгері болашаққа жол салатын нәрсе, сондықтан алғашқы жазылған кітаптарды әсем қылып, сөздің жүйесін келтіріп жазудан көрі, ғылым атауларына лайықты атақ тағу жағын қарастыру керегірек дейміз» [3, 23.]. Айтылған сөзін іс жүзіне асыра отырып, Халекен «Табиғаттану», «Жануарлар» сынды қазақ мектебі үшін жазылған оқулықтарын өмірге әкелді.

1926 жылы тамызда пединституттың студенттерінің саны 338 адамға жетті. Дегенмен, бұл көрсеткіш Қазақстан сияқты одақ құрамындағы үлкен республиканың өскелең сұранысын қанағаттандыра алмады. Оның үстіне жаңа ашылған институттың қазақ жерінен тыс өңірде орналасуы түрлі қолайсыздықтар туғызған еді.

Осы жылдары Қазақ педагогикалық институтында мұғалімдік қызметте жүрген Елдес Омарұлы Ортаазиялық мемлекеттік университеті тарапынан қазақ пединститутын ығыстыру әрекеті байқалғандығын, ал қазақ қызметкерлері өз ретінде Қазақстан үшін жалғыз жоғары оқу орнын сақтап қалуға мүдделілік танытқандығын ескертеді.

1927 жылы 23 наурызда Қазақ АКСР-нің Халық Комиссарлар Кеңесі республикада жоғары оқу орнын – ҚазМУ-ды ұйымдастыру туралы мәселені талқылап, Халық Ағарту комиссариатына Ташкенттегі Қазпедвузды университет ретінде қайта ұйымдастыру мүмкіндігін, сондай-ақ, бір ай мерзімде Қазпедвузды Ташкенттен Алматыға көшіру мәселесін қарастыруды, осы мақсатта Жетісу губерниялық атқару комитетімен университет орналасатын қажетті ғимараттарды анықтау туралы келіссөз жүргізуді, Қазпедвуз үшін профессор-оқытушылар құрамын жасақтау және оларды жұмысқа тартудың шұғыл шаруаларын қолға алуды тапсырады [4, 406.].

Осылайша,

Қазақстандағы тұңғыш ЖОО – Қазақ мемлекеттік университеті өз жұмысын Алматы қаласында 1928 жылы 1 қазанда бастайды. Университетте алғашқыда физика-техника, тіл және мәдениет, жаратылыстану бөлімдерінен

құралған «педагогикалық факультет» жұмысын бастайды. Сонымен бірге оқу орны жанынан жұмысшы факультеті, арнайы дайындық курстары және педагогикалық техникум ашылды. Талапкерлер алдымен дайындық курстарында ғана оқып, университетке содан кейін ғана қабылданды. Университеттің тұңғыш ректоры Санжар Сейітжапарұлы Асфендияров болды.

1928-1929 оқу жылында оқуға 124 студент (96 ұл, 28 қыз) қабылданады. Олардың 76-қазақ, 42-орыс, 3-татар, 2-еврей, 1-неміс ұлтының өкілі еді. Яғни, университет есігі қазақ жеріндегі барлық ұлттардың өкілдеріне ашық болды. Студенттердің көпшілігі жұмысшылардың, кедей шаруалардың балалары еді. Алғашқы оқу жылындағы профессор-оқытушылар құрамы 9 адамнан тұрды. Олар: Санжар Асфендияров, Ахмет Байтұрсынов, Николай Фатов – профессорлар; Едіге Мансұров, Халел Досмұхамедов, Әлімхан Ермеков, Василий Потапов – доценттер; 2 ассистент – Борис Ровинский, Владислав Дубошиндер еді.

1929-1931 жж. университетке Ленинград, Мәскеу, Киев, Харьков, Владивосток, Қазан, Ташкент қалаларынан таңдаулы профессор-оқытушылар тартылды. Олардың арасында О.Қ. Жандосов, В.А. Захваткин, Н.Л. Карава-

ев, И.Г. Автұхов, Б.Л. Кругляк, Е.В. Тар М.М. Маркович, В.Н. Кун, А.Х. Линчский, Е.В. Васильева, В.Ф. Литвинов, В.М. Зимин, І.Ж. Қабылов, Т.Ш. Шонанов, М.А. Солонино, А.И. Смирнов сияқты белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлері бар еді. 1931 ж. сырттай оқу бөлімі ашылады. Осы жылғы университет студенттерінің саны 219 адамға жетті [5, 24-276б.].

1931 ж. деректер бойынша студенттердің I, II, III дәрежелі стипендиялар алып тұрғандығы байқалады. Сонымен бірге студенттерге жатын орындарының жетіспеушілігіне байланысты жатақханалар жанындағы (мыс., Пролетарская көшесіндегі № жатақхана жанынан) денешынықты залдары баспана ретінде беріліп отырған [6, 23, 25пп.].

1931-1934 жылдары институттағы саяси-әлеуметтік жағдай өте ауыр болды. Бұған негізінен сол кездегі республикада болып жатқан саяси-экономикалық жағдайлар тікелей етті.

Өлкені жайлаған аштық пен күйзеліс, қазақ зиялыларын қуғынға ұшырай бастауы, ұлттық жоғары білімді мамандар санының аз болуы, халықтың тұрмыстық жағдайдың төмендігі институт өмірінен анық байқалды. Бұл кезде институтты Бәйме Алманов басқарды. Кездесу қиындықтарға қарамастан жылы 27 желтоқсанда институты 59 студент бітіріп шықты

Оның ішінде тарих-экономика бөлімшесін 21 адам, әдебиет-лингвистика бөлімшесін 11 адам, физика-математика бөлімшесін 1 адам, биология бөлімшесін 8 адам, химия бөлімшесін 9 адам бітірген [7, 45а, 61-63пп.]. Бұлар халық ағласы үшін даярланып, ҚазПИ-ді таяқтаған педагог мамандар бола

Бәймен Алмановтың басқаруымен 1932 ж. институтта өндірістен қол үзбей мамандар даярлау мақсатында 1 оқу бөлімі ұйымдастырылды. Бұл кезде профессор-оқытушылар құрамы Н.Н. Минин, С.Х. Брайнин,



Қазақ мемлекеттік педагогика институтының (ҚазМПИ) профессор-оқытушылары және тұңғыш бітірген 59 түлегі. 1932 жыл

Жалқашев, Қ.Қ. Жұбанов, Ейфуллин, С.А. Аманжол, Е.А. Әлжанов, А.В. Мухля, Ютапова, К.Г. Григорьянц, Югоинов, М.П. Баталов ы білікті ұстаздармен ұты.

ұйымдасқан кезде атқарылған 1931-1934 жылдары да ысын тауып, тиісті шаралар озат тәжірибелермен толықты. ытың ішкі тәртіп ережелері мұқият анып, оқу үрдісінің сапасына ңіл бөлінді. Студенттер өздерінің ық білімдерін практикалық іс-елермен ұштастыруға кеңінен ңк алды [8, 89п.].

ылы институт жанынан аспи-ашылып, тарих, педагогика, і, қазақ тілі мен әдебиеті ықтары бойынша 14 аспирант анады [9, 7п.].

с жылдары (1941-1945 жж.) нтерді жатақханамен, оқу ыстарымен қамтамасыз ырынғыдан да қиындай і. Мәселен, 1942-жж. институттың екі ғанасының Алматыға ілген зауытқа берілуі ті 350 студент жеке лерде және 197 сту-оқу корпусарындағы ханаларда тұрды. Осы ы 13 дәрісхана студенттерге ған ретінде берілген.

1943 жж. институттағы оқу ңгі 8 ден – кешкі 11 аралығында ымда жүргізілген.

налардың жетіспеушілігіне ысты бір кабинетте 5 зертхана ырылады. Оқу залдары да ытермен біріктіріліп жіберіледі. епті студенттердің сабаққа дай-ы, өз беттерінше жұмыс жүргізуі й түскен.

ан жылдар аралығында ин-а Алматыға эвакуацияланған і білікті мамандар: КСРО ҒА , І дәрежелі Сталин сыйлығының ы И.И. Мещанинов, КСРО ҒА .В.Г. Фасенко, КСРО ҒА корр-ері В.И. Чернышев, Н.Н. Баран-эне т.б. көптеген ғылым доктор-ен кандидаттары қызмет істеді. құмысы дирекция бекіткен

жоспарға сәйкес жүргізілді. Студент-тер 23 қазан – 10 қараша аралығында қызылша жинауға көмектесу үшін ауылшаруашылығы жұмыстарына тар-тылды. Бірақ бұл күндердің сабақтары кейін аптасына 42-44 сағат оқу арқылы толықтырылды.

ҰОС жылдарында институт факультеттерінің саны 5 жетті: 1) Тіл және әдебиет факультеті (деканы доц. Сильченко М.С.); 2) Тарих факультеті (деканы доц. Чиков А.И.); 3) Физика-математика факультеті (деканы аға оқытушы Жәутіков С.); 4) Жаратылыстану-география факультеті (деканы аға оқытушы Устименко Т.Д.); 5) Денешынықтыру факультеті (деканы, еңбек сіңірген спорт шебері Тышко М.В.) [10, 1, 3, 5-6, 12п.].

Институттың оқу-тәрбие жұмысы үнемі жетілдіріліп, профессор-оқытушылар құрамы білікті маман кадрлармен тұрақты қамтамасыз етіліп тұрған. 1958 жылы 24 желтоқсанда КСРО Жоғарғы Кеңесі «Мектептің өмірмен байланысын нығайту және КСРО-да халыққа білім беру жүйесін одан әрі дамыту туралы» заң қабылдады. Қазақстанда осы мазмұндағы заң жобасы 1959 жылы 28 наурызда қабылданған болатын [11, 160п.].

Жаңа заң бойынша жеті жылдық мектептің орнына сегіз жылдық мектеп, он жылдық мектептің орнына жалпы білім беретін он бір жылдық еңбек-политехникалық мектептер ашылып, онда оқыту еңбекпен ұштастыру негізінде жүзеге асырылуы тиіс болды. Сөйтіп, халық ағарту саласының ғылыми-педагог мамандарын кәсіптік-техникалық біліммен ұштастыра даяр-лау республикадағы өзекті мәселенің біріне айналып, жалпыға бірдей міндетті сегіз жылдық білім беруге көшудің даярлық жұмыстарын 1963 жылға аяқтау белгіленді. Осыған байла-нысты 60-жылдардың басында институт Қазақстанда педагогикалық білім беруді жетілдіру мақсатында өз алдына мына-дай маңызды міндеттер қойды:

- республиканың халыққа білім беру саласын білікті ғылыми-педагог маман-дармен қамтамасыз ету;
- оқу орнының құрылымын өзгертіп, басқаруды қайта құру және ғылыми-педагогикалық мамандарды іріктеу және бекіту;
- институт жұмысында оқу-әдістемелік, қоғамдық-тәрбие және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- институттың материалдық-

техникалық базасын нығайтып, қаржы және құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру.

Осындай міндеттерді жүзеге асы-ру барысында институт қызметінде жоспарлы түрде ауқымды шаралар іске асырыла бастады. Алдымен оқу орнының атына өзгеріс енгізіліп,

1959 жылғы 3 қыркүйектен Қазақ КСР Жоғарғы және ар-наулы орта білім комитетіне қарасты «Қазақтың Абай атындағы Мемлекеттік педагогтік институты (ҚазМПИ)» деген атау алды [12, 4п.].

1980-90 жж. институт құрылымында елеулі өзгерістер орын алды. Бірнеше жаңа мамандықтар ашылды. Жоғарыда келтірілген мұрағат деректерін саралай отырып, 1970 ж. 6 факультет (тарих, филология, физика, математика, жа-ратылыстану-география, көркемсурет-графика), 1972 ж. 7 факультет (тарих, жаратылыстану-география, физика, математика, филология, көркемсурет-графика, кітапхана-библиография), 1977 ж. 7 факультет (тарих, физика, математи-ка, жаратылыстану-география, филоло-гия, көркемсурет-графика, дефектология) 1983 ж. 6 факультет (тарих, физика-ма-тематика, жаратылыстану-география, көркемсурет-графика, филология, де-фектология) 1985 ж. 7 факультет (тарих, физика-математика, жаратылыстану-гео-графия, көркемсурет-графика, филоло-гия, дефектология, бастауыш оқыту педа-гогикасы және әдістемесі) болса, 1990 ж. бұл көрсеткіштің сегізге жеткенін (тарих, физика-математика, жаратылыстану-география, филология, көркемсурет-графика, дефектология, бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі, музыка-педагогикалық) байқаймыз.

2016-2017 оқу жылында Абай атындағы ҚазҰПУ-де білім алушылардың саны – 6621 адамды құрады: бакалавриатта – 5619, маги-стратурада – 1115, докторантурада Ph.D – 187 білім алушы болды.

Университеттің профессор-оқытушыларының біліктілігі мен құзіреттілігі мамандарды даярлаудың сапасын анықтайтыны белгілі.

Университеттегі профессор-оқытушылардың жалпы саны – 883 адам. Олардың ішінде ғылыми дәрежесі мен атағы бары – 526 адам, оның



157 ғылым докторы, профессор; 369 ғылым кандидаты, доцент; оның ішінде 25 Ph.D ғылым докторы, 121 ғылым магистрі.

Университетте 14 ҚР ҰҒА академиктері мен корреспондент мүшелері, 45 басқа да қоғамдық академиялардың академиктері, 19 шығармашылық одақтардың мүшелері, 6 еңбек сіңірген жаттықтырушы, 12 спорт шебері қызмет етеді.

2014 жылы 6 желтоқсанда университет құрамында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев пен Француз Республикасының Президенті Франсуа Олландтың тікелей қолдауымен «Сорбонна-Қазақстан» институты ашылды. Оның түлектері Абай ат. ҚазҰПУ-нің және Францияның Сорбонна университетінің дипломдарын қатар алып шығады.

Бүгінгі уақытта Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті елімізде педагог кадрлар даярлау ісінде ерекше мәртебеге ие жетекші жоғары оқу орны ретінде мойындалған.

Университет 2017 жылы алғаш рет әлем университетінің ТОП-500 қатарына және QS World University Ranking рейтингінде әлемнің үздік 491 университетінің қатарына енді [13].



Абай атындағы Қазақ ҰПУ 90 жыл бойы педагог кадрлар даярлау ісінде талмай еңбек етіп келе жатқан бірден бір оқу орны. Университеттің 90 жылдығы қазақ жерінде тамыр жайған алғашқы жоғары оқу орны ретінде бүкіл республика жұрты үшін аса маңызды оқиға ретінде аталуға лайық.

Ескертулер:

1. Первый Казахский институт в Ташкенте (сборник документов и материалов). Ташкент, 2005. 159 с.
2. Г.С. Тилеукулов, Г.С. Тилеукулова. Из истории Казахского педагогического института в Ташкенте. – Алматы, 2005. –121 с.
3. Х. Досмұхамедұлы. Таңдамалы. Алматы, 1998.
4. Авксентьевский Д.А. Казахский государственный университет. –Кзыл-Орда, Казахское государственное издательство, 1927. –40с.
5. Алғашқы. Абай ат. ҚазҰПУ-дың тарихы оны бітіруші және оқытушы педагогтар естелігі мен еңбектерінде: Ғылыми-зерттеу жинағы/Қойгелдиев М.Қ., Жангүттин Б.О., Тілеубаев Ш.Б., Мырзатаева З.Б., Болатхан Ә. –Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2013. -176 б.

6. ҚРОМА. Р-1142. Т.1. Іс 6. Приказы по Казахскому Государственному университету, 5 сентября 1930 г. – 30 декабря 1930 г.

7. ҚРОМА. Қ. Р-1142. Т.1. Іс 1. Приказы по Казахскому Государственному университету, 5 сентября г. – 30 декабря 1930 г.

8. ҚРОМА. Қ. Р-1142.Т.1. Іс 6. Приказы по Казахскому Государственному педагогическому институту, января 1931 г. – 29 декабря 1931.

9. ҚР ОМА. Қ. Р-1142. Т.1. Іс 37. Годовой отчет института за 1937/1938 учебный год.

10. ҚР ОМА. Қ. Р-1142. Т.1. Іс 99. Годовой отчет института за 1942-1943 учебный год.

11. ҚазҰПУ мұрағаты Қ. 1142. Т.1. Іс 557. При по институту, том IV, 1 сентября 1990 г. – 30 дек 1990 г.

12. ҚРОМА. Қ.1142. Т.1. Іс 391. Годовой отчет института за 1961/1962 учебный год.

13. Абай ат. ҚазҰПУ университетінің ректоры профессор Т.О. Балықбаевтың Алматы қаласы жұртшылығы алдында университеттің 2016-2017 жылындағы қызметінің қорытындысы және алдаму перспективасы туралы есебінен.

Мәмбет ҚОЙГЕЛД

**Қазақстан тарихы кафедрасы
меңгерушісі, ҚР ҰҒА академигі**



АННОТАЦИЯ

В статье заведующего кафедрой истории Казахстана, академика НА РК Мамбета Койгелдиева рассказывается об истории становления первого высшего учебного заведения в Казахстане. Автор дополняет статистику архивными материалами тех трудных лет не только в истории университета, но и страны в целом. У истоков создания университета, ставшего кузницей самых первых педагогических кадров казахской степи, стояли такие легендарные деятели и ученые, как Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов, Санжар Асфендияров, Орман Жандосов, Евгений Тарле, Баймен Алманов и другие.